

Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы арнайы мүліктің транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 24 қаңтар N 96

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 15 маусымдағы N PE/04178120437 келісім-шарт бойынша Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі үшін "Рособоронэкспорт" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы) беретін арнайы мүліктің қосымшаға сай номенклатурада және санда Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілісін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Арнайы жүктердің және әскери мақсаттағы өнімдердің тасымалы туралы 1995 жылғы 26 мамырдағы Z990368_ келісімге және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес ерекше қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, арнайы мүліктің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша темір жол көлігімен транзиттік тасымалын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы арнайы мүліктің транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 24 қаңтардағы
N 96 қаулысына

ҚОСЫМША

2001 жылғы 15 маусымдағы N PE/04178120437 келісім-шарт бойынша Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі үшін "Рособоронэкспорт" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы) беретін арнайы мүліктің номенклатурасы мен саны

! Берілетін арнайы мүліктің !Бірлігінің!Жинақ.! Мүліктің !Ескертпе
! номенклатурасы мен атауы ! бағасы, !тама. ! құны, !
! Ресей !лардың! Ресей !
! рублімен ! саны ! рублімен !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

- | | | | | |
|------|-------------------------------------------------------|------------|---|------------|
| 1 | РВР РЛС 5Н84АЭ-2
(N 2114488) жүргізу үшін
мүлік | 567271,24 | 1 | 567271,24 |
| 2 | РВР РЛС 5Н84А
(N 4412163) жүргізу үшін
мүлік | 1121607,41 | 1 | 1121607,41 |
| 3 | П-18 бұйымдары
РВР 5-ін жүргізу үшін
мүлік: | | | |
| 3.1. | П-18 бұйымы (N 010806), | 178239,53 | 1 | 178239,53 |
| 3.2. | П-18 бұйымы (N 032790), | 199835,99 | 1 | 199835,99 |
| 3.3. | П-18 бұйымы (N 032290), | 194506,44 | 1 | 194506,44 |
| 3.4. | П-18 бұйымы (N 011401), | 772767,74 | 1 | 772767,74 |
| 3.5. | П-18 бұйымы (N 011549), | 144145,84 | 1 | 144145,84 |
| 4 | ТҚ жүргізуге арналған
мүлік ПРВ-13 бұйымдары: | | | |
| 4.1. | ПРВ-13 бұйымы (N E1118), | 509458,05 | 1 | 509458,05 |
| 4.2. | ПРВ-13 бұйымы (N 0205), | 239158,11 | 1 | 239158,11 |
| 4.3. | ПРВ-13 бұйымы (N 1722), | 149825,37 | 1 | 149825,37 |

5 5Н84А, 5Н84АЭ-2 және
П-18 бұйымдарына РВР
жүргізуге арналған жұмсау
материалдары 31533,94 1 31533,94

Жиыны 4108349,62

Бағыты: Кунцево-2 станциясы (Ресей Федерациясы) - Аламедин станциясы (Қырғыз Республикасы).

Шекаралық өтуі: Илецк-1 станциясы (Ресей Федерациясы), Луговая станциясы (Қазақстан Республикасы).

Көлік құралдарының саны: үш 20 пұттық контейнер.

Жөнелтуші: "Гранит" МӨТК" ФМБК (Ресей Федерациясы).

Алушы: Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі.

Арнайы жүктің транзиті 2002 жылғы 1 тоқсанға жоспарланған.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қобдалиева Н.М.